

Н. Аскерхан*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: xnurqulan@mail.ru)

Шығыс перипатетизмінің қазақ дүниетанымына ену процесі

Мақалада Шығыс перипатетизмі идеяларының қазақ дүниетанымына ену және оларды бейімдеу үдерісі жан-жақты қарастырылған. Бұл зерттеу еңбегі Шығыс перипатетизмінің қалыптасуы мен Қазақ жеріндегі трансформациясын терең философиялық талдауға арналған. Мәтін исламдық дүниедегі Аристотель мұрасының рецепциясы мен оның сопылық іліммен синтезінің күрделі диалектикасын ашады. Зерттеуде перипатетизмнің болмыс, жан және ақыл туралы ілімдерінің сопылық мистикалық тәжірибемен үйлесім табуы, жергілікті мәдениетпен өзара әрекеттесуі арқылы жаңа рухани-философиялық феноменнің пайда болуы зерттелген. Автор Шығыс перипатетизмінің тек қана интеллектуалдық дәстүр емес, сонымен қатар аймақ тұрғындарының дүниетанымы мен өмір салтына терең әсер еткен маңызды мәдени-тарихи құбылыс екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, фалсафаға тән рационалистік және гуманистік қағидалардың дәстүрлі көшпелі менталитетпен өзара синтезінің маңыздылығы ерекше атап өтілген. Бұл синтез қазақ халқының философиялық ойының өзіндік бірегей моделін дамытуға айтарлықтай ықпал етіп, оның интеллектуалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін қалыптастырды. Мақалада осы үдерістің нәтижелері мен тарихи мәні кеңінен ашылып көрсетілген. Шығыс перипатетизмі идеяларының қазақ дүниетанымына ықпалы әсіресе ортағасырлық Орталық Азия мен ислам философиясының өркендеу кезеңінде айқын байқалды. Жалпы алғанда, зерттеу Шығыс перипатетизмі мен қазақ ойлау дәстүрінің сабақтастығын айқындап, олардың тарихи-мәдени мәнін және мұндай талдаулар аталған бағыттағы тарихи-философиялық сабақтастықты терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында дереккөздер мен тарихи-философиялық мәтіндерге талдау жасалып, олардың қазіргі қазақ қоғамының рухани жаңғыру үдерісіндегі рөлі де сарапқа салынған.

Кілт сөздер: перипатетизм, ислам, фалсафа, рационализм, дүниетаным, қазақ, дін, ассимиляция, руханият, көшпенділік.

Kipicne

Философия — әлемді, әлеуметтік байланыстарды және жеке дамуды тереңірек түсінудің негізін құрай отырып, кез келген халықтың дүниетанымын қалыптастыруда айрықша рөл атқаратын ғылым саласы. Қазақ халқының бай тарихында философиялық дәстүр әртүрлі мәдени және зияткерлік ықпалдар арқылы қалыптасты. Солардың бірі — шығыс перипатетизмі, яғни фалсафа, ежелгі философия мен ислам мәдениетінің тоғысқан жерінде пайда болған ерекше философиялық бағыт. Бұл бағыттың дамуы әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд және басқа да Шығыстың көрнекті ойшылдарының еңбектерінде жарқын көрініс тапты. Аристотельдің ежелгі философиясы мен ислам өркениетінің рухани дәстүрлерін біріктіре отырып, әл-Фараби өзінің шығармашылығы арқылы қазақ менталитеті үшін ерекше маңызға ие тұлғаға айналды. Оның ақыл-ой мен этиканың өзара үйлесімділігі, идеалды қоғам құру туралы ойлары және білімнің маңыздылығына қатысты идеялары Орталық Азияның, соның ішінде қазақ халқының дүниетанымына терең ықпал етті. Мақалада Шығыс перипатетизм идеяларының қазақ дүниетанымына ену және бейімделу процестері жан-жақты зерттелген. Фалсафаның философиялық тұжырымдамаларының көшпелі мәдениет жағдайында қалай өзгеріске ұшырағанын, оның қай элементтері қазақтардың дәстүрлі түсініктерімен үйлесім тапқанын және осы синтездің қазақ философиялық ойының өзіндік бірегейлігін қалыптастыруға қандай үлес қосқаны қарастырылған. Мақала қазақ халқының рухани мәдениетінің қалыптасуындағы шығыс перипатетизмінің маңызын ашып көрсетуге бағытталған.

Зерттеу әдістері

Мәтінде негізінен тарихи-философиялық зерттеу әдісі қолданылған. Бұл әдіс келесідей элементтерді қамтиды: Деректану — тарихи мәтіндерді, философиялық трактаттарды және мәдени артефактілерді талдау; салыстырмалы талдау — перипатетизм мен сопылық ілімдерінің

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: xnurqulan@mail.ru

ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, сондай-ақ олардың өзара әсерін анықтау; Контекстуалды талдау — философиялық идеялардың тарихи, әлеуметтік және мәдени контексте қалай дамығанын зерттеу; герменевтика — мәтіндерді түсіндіру және олардың терең мағыналарын ашу. Сонымен қатар жалпы философиялық әдістер, синтез, аналогия, абстракция әдісі пайдаланылды.

Талқылау

Шығыс перипатетизмінің қалыптасуы және оның әлемдік деңгейде кең таралуы көптеген мәдени, діни және философиялық үдерістердің ықпалымен жүзеге асты. Бұл ілімнің қазақ жеріне таралып, өзіндік ерекшелігімен көрініс табуы да осы ауқымды тарихи қозғалыстардың бір бөлігі. Шығыс перипатетизмінің шығу тегі туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл ілімнің Ислам дінінің таралуымен тығыз байланыста екендігін атап өтуіміз қажет.

Шығыс перипатетизмі — орта ғасырларда мұсылман әлемінде қалыптасқан философиялық бағыт. Бұл ағымның өзегі — ақыл мен сенімді ұштастыру: ежелгі грек ойшылы Аристотельдің идеяларын қабылдап, сол арқылы әлемнің, адамның және Жаратушының табиғатын түсіндіруге ұмтылу. Шығыс перипатетизмі ислам мәдениетінің аясында, әсіресе Персияда, Араб халифаттарында және кейінірек Орта Азияда кеңінен дамыды. Оның көрнекті өкілдері — әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд сынды ұлы ойшылдар. Бұл философтар ақыл мен логиканы дінге қарсы емес, керісінше — шындыққа бастар жол деп білді. Олар жанның табиғатын, білімнің қайдан келетінін, әлемнің қалай жұмыс істейтінін ғылыми әдіспен зерттеуге тырысты [1], бірақ сонымен қатар діни сенімдермен үйлесімді болуға ұмтылды. Шығыс перипатетиктері Аристотель еңбектерін оқып, оны өз діні мен мәдениетінің шеңберінде талдап, ақылға қонымды әрі рухани тұтас дүниетаным қалыптастырған философ-ғалымдар.

Исламдық аристотелизм немесе араб перипатетизмі деп те аталатын шығыс перипатетизмі — ислам философиясы аясында дамытылып, түсіндірілген Аристотельдің жазбаларына негізделген философияның аса маңызды бағыттарының бірі. Оның пайда болуы исламның «алтын ғасырларында» (VIII—XII ғғ.) ислам әлемінде грек философиясының аударылып, бейімделуі нәтижесінде мүмкін болды. VII ғасырда мұсылмандардың Александрия қаласын жаулап алуы грек ойшылдарының еңбектерін араб әлемінде кең қолжетімді етті. Табиғат туралы зерттеулер, логикалық талдау және метафизикаға қатысты Аристотельдің идеялары ерекше назарға ілікті. Бұл үдерісте Бағдад қаласындағы Халифа әл-Мамунның IX ғасырда құрған «Даналық үйі» (Байт әл-Хикма) ерекше орын алды. Осы орталықта Аристотель, Платон, Гиппократ, Гален сияқты ойшылдардың шығармалары араб тіліне аударылып қана қоймай, олардың мазмұны ислам мәдениетінің талаптарына сәйкестендірілді. Аудармалар терең түсіндірмелер мен ғылыми талдаулармен қатар жүрді. Белгілі аудармашылардың бірі Хунайн ибн Исхак және оның шәкірттері грек философиясының ислам әлеміне бейімделуіне айтарлықтай үлес қосты.

Шығыс перипатетизмінің негізгі өкілдері бұл ілімнің концепцияларын одан әрі дамытты. Олардың қатарында әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна) және Ибн Рушд (Аверроэс) сияқты тұлғалар бар. Әл-Кинди ислам әлеміндегі алғашқы ірі философ ретінде танылды және аристотелизмді ислам теологиясына бейімдеуге белсенді атсалысты. Ол логика, метафизика, этика және астрономия салалары бойынша еңбектер жазып, философияны ақыл мен аянның үйлесімділігі тұрғысынан қарастырды. Әл-Фараби өзінің грек философиясын терең түсініп, оны әрі қарай дамытқан еңбектері үшін «екінші ұстаз» атанды [2]. Ол Аристотель мен Платон идеяларын исламдық контекстке сәйкестендіріп, идеалды мемлекет тұжырымдамасын ұсынды. Бұл идеясы Платонның «Республикасынан» шабыт алып, исламның рухани құндылықтарымен ұштастырылды. Ибн Сина Шығыс перипатетизмінің ең ықпалды өкілі ретінде танымал. Оның «Шипа кітабы» (Китаб аш-Шифа) ғылым мен философия саласындағы энциклопедиялық шығарма. Ибн Сина болмыс пен мән туралы ерекше ілімді дамытып, оның идеялары кейіннен еуропалық схоластикаға зор ықпал етті.

Шығыс перипатетизмі философия мен діннің өзара үйлесімділігін дәлелдеуге тырысты. Олардың көзқарасы бойынша, ұтымды ойлау Құдайдың ақиқаттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Онтологияға байланысты зерттеулерде Ибн Сина болмыстың негізгі себебі — Жаратушы деп тұжырымдады. Сондай-ақ, логика бұл ілімнің негізгі құралдарының бірі ретінде ерекше орын алды. Олар Аристотельдің логикалық құрылымдарын дамытып, оны ислам философиясының талаптарына бейімдеді. Шығыс перипатетизмінің әлемдік ықпалы орасан зор болды. Орта ғасырларда әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушдтың еңбектері латын тіліне аударылып, Еуропа университеттерінде оқытылды. Олардың идеялары Тома Аквинский, Роджер Бэкон және басқа да еуропалық ойшылдарға

әсер етті. Ислам әлемінде бұл ілім калам (ислам теологиясы) мен сопылыққа зор ықпалын тигізді. Алайда уақыт өте келе, діни консерватизмнің күшеюімен оның ықпалы бәсеңдей бастады.

Қазіргі Қазақстан аумағында Шығыс перипатетизмінің таралуы Отырар, Тараз және Сығанақ сынды ірі мәдени және сауда орталықтарының гүлденуімен қатар жүрді. Бұл қалалар Шығыс пен Батысты байланыстырып, Ұлы Жібек жолындағы маңызды тораптарға айналды. Аймақ мәдени тұрғыда көшпелі және отырықшы өркениеттердің дәстүрлері түйіскен ерекше әртүрлілікке ие болды, бұл зияткерлік және рухани алмасу процестерін айтарлықтай байытты.

VIII ғасырда ислам дінін қабылдау өңірдің тарихында бетбұрысты кезең болды. Ислам тек діни сенімдерді ғана емес, сонымен бірге философия мен ғылымның жаңа идеяларын, оның ішінде Шығыс перипатетизмінің принциптерін де ала келді. Бұл идеялардың таралуына Орта Азияның дамыған исламдық орталықтары — Самарқанд пен Бұхараның ықпалы зор болды, олар философиялық және ғылыми ойдың орталығына айналды. Әсіресе, Фарабта (қазіргі Отырар) дүниеге келген ұлы ойшыл әл-Фарабидің рөлі ерекше. Әл-Фараби Шығыс перипатетизмінің ең көрнекті өкілдерінің бірі ғана емес, сонымен қатар қазақ даласында философиялық ойдың дамуына негіз салған тұлға ретінде тарихта қалды. Оның еңбектері жергілікті ғалымдар мен ойшылдарды шабыттандырып, аймақтағы ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне ықпал етті. Әл-Фараби арқылы Шығыс перипатетизм идеялары далалық өркениеттердің зияткерлік өміріне терең еніп, олардың мәдениеті мен дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналды.

Шығыс перипатетизмінің енгізілуі аймақта білім беру, медицина, астрономия және философияның дамуын жеделдетті. Ислам мектептері — медреселер тек діни біліммен шектелмей, Аристотель, Платон және олардың исламдық аудармашыларының еңбектерін оқыту орталықтарына айналды. Бұл оқу орындары аймақтың интеллектуалдық әлеуетін арттырып, ғылым мен мәдениетке серпін берді. Сонымен қатар, философиялық идеялардың Ислам теологиясымен ұштастырылуы көшпелі және отырықшы қоғамдардың сұраныстарына жауап бере алатын ерекше мәдени синтезді қалыптастырды. Осылайша, ислам философиясының жетістіктері аймақта жасалған еңбектер арқылы бүкіл ислам әлемінің ортақ ғылыми мұрасына айналды. Шығыс перипатетизмі әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің тоғысуынан туындаған ерекше зияткерлік құбылыс ретінде маңызды рөл атқарды. Оның қазіргі Қазақстан аумағындағы таралуы өңірдің рухани және мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы шешуші кезеңдердің бірі болды. Бұл құбылысты тереңірек зерттеу ортағасырлық қоғамның негізін қалаған және бүгінгі күнге дейін өзекті болып отырған мәдени алмасу үдерістерін түсінуге мүмкіндік береді [3].

Ислам діні енгізілгенге дейін қазіргі Қазақстан аумағындағы тайпалар арасында тәңіршілдік басым болды. Бұл наным жүйесі аспан құдайы Тәңірге және табиғат рухтарына құрмет көрсетуге негізделді. Түркілердің дәстүрлі діні ретінде танылған тәңіршілдік ата-бабалар рухына табынуды, шаманизм элементтерін және табиғатпен үйлесімділікке ұмтылуды қамтыды. Аймақтың оңтүстік өңірлерінде зороастризмнің ықпалы айтарлықтай сезілді. Жақсылық пен жамандық арасындағы мәңгілік күрес идеясына негізделген бұл діннің этикалық принциптері ислам теологиясының кейбір аспектілерімен үндесіп, кейін ислам философиясына әсер етті. Ислам дінінің аймақтағы таралуы оның әмбебап сипаты мен жергілікті дәстүрлерді бейімдеу қабілетінің арқасында мүмкін болды. Бұл процесс жаңа философиялық және мәдени бағыттардың, соның ішінде Шығыс перипатетизмінің таралуына негіз қалады. Аймақтың исламдануы Орта Азиядағы сауда, саяси байланыстар және ғылыми-мәдени алмасулар арқылы күшейе түсті. Ұлы Жібек жолындағы қалалардың маңызы артып, олар ислам мәдениеті мен философиясының таралу орталықтарына айналды.

Шығыс перипатетизмі идеяларының таралуына аймақта өмір сүрген мемлекеттер мен тайпалық одақтар ерекше үлес қосты. VIII ғасырда түргештер түркі тайпалық одақтарының бірі ретінде Ұлы Жібек жолының бір бөлігін бақылап, экономикалық және мәдени өркендеуге жағдай жасады. Бұл кезеңде философиялық және діни идеялар кеңінен тарала бастады. VIII-X ғасыр аралығында Қарлұқтар ислам дінін қабылдауға айтарлықтай үлес қосты. Олардың билеушілері ислам мәдениетін, сондай-ақ Шығыс перипатетизмінің философиялық ұстанымдарын қолдап, олардың аймақтағы ықпалын нығайтты. Оғыз тайпалық одақтары қазіргі Қазақстанның батыс өңірлерінде мекендеді. Олар бастапқыда тәңіршілдік және пұтқа табынушылық нанымдарды ұстанғанымен, кейін ислам діні олардың негізгі сеніміне айналды. Қимақтар мен қыпшақ одақтары солтүстік және шығыс Қазақстанда орналасты, бұл тайпалар шаманизм мен тәңіршілдікті сақтағанымен, ислам діні біртіндеп олардың мәдениетіне еніп, ықпалын күшейтті. Соғдылықтар Қазіргі Оңтүстік Қазақстанға жақын аумақтар өмір сүрген, соғдылықтар бай қалалық мәдениеттің өкілдері болды. Олар алғашқыда

зороастризмді ұстанған олар ислам мәдениетін сауда және мәдени алмасу арқылы таратты. Соғдылықтардың философиялық және ғылыми білімді дамытудағы рөлі ерекше болды. Исламға дейінгі мәдениеттер мен діни сенімдердің алуан түрлілігі исламның аймақтағы таралуы мен Шығыс перипатетизмінің ықпалын арттыруға қолайлы орта жасады. Түркілердің дәстүрлі нанымдары, зороастризм элементтері және Ұлы Жібек жолы арқылы келген ислам мәдениеті арасындағы өзара әрекет аймақтың зияткерлік және рухани дамуына ықпал етті. Бұл тарихи процестер қазіргі Қазақстанның мәдени және философиялық бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды [4].

Ортағасырлықта қазіргі қазақ жерлерінің аумағында Шығыс перипатетизмінің таралуы бұл өңірдің исламдануы, ислам әлемімен зияткерлік байланыстардың тереңдеуі және әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы түбегейлі өзгерістер нәтижесінде жүзеге асқан күрделі және ұзақ процесс. Бұл үдеріс аймақтың рухани-мәдени өркендеуіне елеулі ықпал етіп, оның интеллектуалдық дәстүрлерінің қалыптасуына үлкен серпін берді. Қазіргі Қазақстанның географиялық аумағында ислам дінінің таралуы VIII ғасырда басталып, оның негізгі кезеңдері арабтардың Орта Азияға жасаған жаулап алу жорықтарымен байланысты болды. 751 жылы болған әйгілі Талас шайқасы исламның Орталық Азияда орнығуына шешуші ықпал етті. Бұл тарихи оқиғада араб әскерлері Қытайдың Тан әулетінің қарулы күштерімен бетпе-бет келіп, сенімді жеңіске жетті. Осы жеңістен кейін ислам діні біртіндеп аймақтың басты рухани, мәдени және идеологиялық негізіне айналды.

Исламның таралуы жергілікті халықтардың діни сенімдерін түбегейлі өзгертіп қана қоймай, олардың мәдени тәжірибесіне де айтарлықтай ықпал етті. Ислам дінімен қатар Бағдад, Самарқанд, Бұхара сияқты ислам әлемінің дамыған орталықтарымен зияткерлік және мәдени байланыстар орнады. Мұндай қарым-қатынастардың арқасында Шығыс перипатетизмінің философиялық идеялары, ғылыми жетістіктері және рухани мұрасы біртіндеп Қазақстан аумағына еніп, жаңа деңгейге бейімделді. Исламданудың күшеюімен бірге аймақтағы білім беру мекемелерінің, әсіресе медреселердің, қарқынды дамуы байқалды. Бұл медреселер тек діни пәндермен шектелмей, сонымен бірге философия, логика, медицина және астрономия сияқты зайырлы білім салаларын оқыту орталықтарына айналды. Әл-Фараби, Ибн Сина және Шығыс перипатетизмінің басқа да көрнекті өкілдерінің еңбектері бұл оқу орындарының білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі болды. Отырар, Тараз және басқа да тарихи қалалардағы медреселер мәдениет пен білімнің таралуында ерекше орын алды. Әсіресе, Отырар қаласы өзінің ауқымды кітапханасымен, ғылым мен философияға қосқан үлесімен ерекшеленді. Бұл қала тек сауда мен мәдени алмасудың торабы ғана емес, сонымен қатар Шығыс пен Батыстың философиялық және ғылыми идеяларының түйіскен маңызды орталығы болды.

Шығыс перипатетизмінің таралуы аймақтың саяси құрылымында және экономикалық жағдайында болған түбегейлі өзгерістермен тығыз байланысты болды. Қараханидтер әулеті Исламды ресми мемлекеттік дін ретінде қабылдады және осы арқылы білім мен ғылымның дамуына барынша қолдау көрсетті. Қараханидтер дәуірінде медреселер, кітапханалар және басқа да ғылыми мекемелер кеңінен салынып, олардың жұмысы белсенді түрде қаржыландырылды. Аймақтың стратегиялық сауда жолдарын, әсіресе Ұлы Жібек жолының бөліктерін бақылау арқылы экономикалық тұрақтылық қамтамасыз етілді. Бұл жағдай исламдық ғылым мен философияның дамуына ғана емес, сонымен бірге аймақтың зияткерлік және мәдени деңгейінің жоғарылауына да әсер етті. Шығыс перипатетизмінің философиясы исламдық дүниетаныммен үйлесім таба отырып, жергілікті ғалымдар мен ойшылдардың арасында кеңінен танымал болды. Әл-Фараби мен Ибн Сина секілді ұлы философтардың ақыл мен сенімнің үйлесімділігі туралы тұжырымдамалары ислам теологиясына негізделіп, рационалдық ойлау мен діни қағидалардың арасындағы үйлесімді қамтамасыз етті [5]. Шығыс перипатетизмінің идеялары аймақтың өнері мен әдебиетіне де терең ықпал етті. Ақындар мен жазушылар философиялық және діни идеяларды біріктіре отырып, жаңа шығармашылық дәстүрлерді қалыптастырды. Бұл дәстүрлер кейіннен жергілікті мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Шығыс перипатетизмінің ортағасырлық қазақ жерін мекендеген мемлекеттер мен тайпалардың мәдениетіне енуі исламдану процесімен, білім беру орталықтарының дамуымен және исламдық ғылым мен мәдениетті саяси тұрғыдан қолдаумен тығыз байланысты болды. Бұл құбылыс аймақтың зияткерлік өмірінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етіп, мәдени және ғылыми синтездің негізін қалады. Шығыс перипатетизмінің идеялары кейінгі ғасырларда да өзекті болып, Қазақстанның рухани және мәдени мұрасында терең із қалдырды. Аристотель мен Платонның философиясын ислам әлемінің рухани мұрасымен ұштастыра отырып түсіндіруге негізделген Шығыс перипатетизмі тек философиялық жүйе ғана емес, сонымен бірге ислам өркениетінде көптеген бағыттарға, оның ішінде

рухани ізденістерге де негіз болған ерекше ілім болып табылады. Перипатетизмнің бұл ықпалы исламның мистикалық ағымы саналатын сопылықтың қалыптасуы мен дамуына да айтарлықтай әсер етті. Сопылық өзіне тән ерекше формалар арқылы жеке рухани тәжірибелер арқылы Құдайды тану және болмыстың терең мәнін ашуға ұмтылған ағым ретінде ерекшеленеді.

Шығыс перипатетизмі әлемді тануда ақыл-ой мен логикаға негізделген жүйелі көзқарасты ұстанғанымен, өмірдің рухани және метафизикалық қырларын жоққа шығарған жоқ. Әл-Фараби, Ибн Сина сынды көрнекті ойшылдар Құдайды танудың ең тиімді құралдарының бірі ретінде ақыл-ойды атап көрсетті. Сонымен қатар, олар шынайы білім алу тек рационалдық ойлау әдістерімен шектелмейтінін, оған мистикалық интуиция мен ішкі сезім арқылы қол жеткізуге болатынын мойындады. Бұл идеялар сопылықтың негізгі қағидаттарымен үндесіп, ортақ тұстар тапты. Сопылықта интуиция, Құдайға деген махаббат, өзін-өзі жетілдіру және рухани тазару ерекше орын алады. Сопылар Шығыс перипатетизмінен болмыстың бірлігі, ғалам мен адам арасындағы үйлесімділік, сондай-ақ өзін-өзі тану арқылы ақиқатқа қол жеткізу идеяларын қабылдап, оларды өз ілімдерінде қолданды. Қазіргі Қазақстан аумағында сопылық исламдану процесімен қатар кеңінен таралып, жергілікті халықтардың рухани өміріне терең еніп, олардың мәдениетіне елеулі ықпал етті. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауи тариқатының рөлі ерекше болды. Бұл бауырластық сопылық ілімді жергілікті көшпелі мәдениетпен ұштастыра отырып, халық арасында кең тарата білді.

Аймақтың рухани өміріне ерекше ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи өзінің поэтикалық шығармаларында (хикметтерінде) философиялық идеялар мен мистикалық тәжірибелерді шебер үйлестіре білді. Оның ілімі Құдайға деген терең сүйіспеншілікке, рухани тазаруға, өз-өзінді жетілдіру жолына және шейхтер мен рухани көшбасшыларға құрмет көрсетуге негізделген. Ясауидің шығармалары сопылық пен Шығыс перипатетизмінің арасындағы байланысты нығайтып, олардың ортақ негіздерін айқындап көрсетті. Сопылық ілім аймақтағы көшпелі халықтардың мәдениетіне тән ерекшеліктермен тығыз байланысып, ата-бабаларды құрметтеу, қонақжайлылық және ұжымдық ынтымақ дәстүрлерін өз бойына сіңіре білді. Бұл синтез сопылықты жергілікті тұрғындардың күнделікті өміріне жақын етіп, оны кең ауқымда таратуға мүмкіндік берді. Шығыс перипатетизмінің сопылықпен тығыз байланысуы көптеген рухани және әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүзеге асты. Перипатетизмнің болмыс пен жан туралы терең философиялық идеялары сопылықтың мистикалық практикасына бейімделіп, олардың аймақ халқының өмірінде әмбебап және тартымды бағыт ретінде қалыптасуына ықпал етті. Сопылықтың тағы бір ерекшелігі — оның философиялық идеяларды рухани бауырластықтар арқылы іс жүзінде қолдана білуінде болды. Бұл сопылық ілімді теориялық тұжырым ғана емес, сондай-ақ рухани жетілуге жетелейтін нақты әдістемелер жүйесі ретінде танытты. Мұндай тәсіл аймақтың көшпелі халықтарының дәстүрлі өмір салтына сай келіп, олардың арасында кең таралуына септігін тигізді [6]. Шығыс перипатетизмі сопылықтың қалыптасуына және дамуына негіз болған маңызды интеллектуалдық бағыт ретінде танылды. Өз кезегінде, сопылық бұл философиялық идеяларды мистикалық тәжірибеге айналдырып, ортағасырлық Қазақстанның рухани мұрасының ажырамас бөлігіне айналды. Рационалдық философия мен терең руханиятты үйлестірген бұл трансформация аймақтың мәдени және зияткерлік тарихында терең із қалдырды.

Шығыс перипатетизмінің қазақ дүниетанымына енуі тек тарихи-мәдени құбылыс қана емес, сонымен қатар философиялық тұрғыдан да маңызды мәселе. Бұл үдеріс қазақ халқының ойлау жүйесінде түбегейлі өзгерістердің болғанын көрсетеді, өйткені ол жергілікті дүниетанымдық түсініктер мен сырттан келген интеллектуалдық дәстүрдің өзара әрекеттесуі мен бірігуі нәтижесінде қалыптасты. Әл-Фараби мұрасы арқылы келген рационализм қазақ ойшылдары үшін дүниені тану мен түсіндірудің жаңа әдістерін ашты [7]. Бұған дейін интуицияға, әдет-ғұрыптарға және мифологиялық түсіндірулерге негізделген білім жүйесі енді логикалық талдау, дәлелдеу және себеп-салдарлық байланыстарды іздеу тәсілдерімен толықтырылды.

Гуманизм идеяларының қазақ дүниетанымына енуі адамның рөлі мен құндылығын қайта қарастыруға ықпал етті. Шығыс перипатетизмінде адамның ақыл-ойы мен рухани қабілеттерінің жоғары бағалануы қазақ қоғамындағы жеке тұлғаның орны мен маңызы туралы түсініктерді кеңейтті. Бұл әсіресе көшпелі өмір салтындағы теңдік пен өзара құрмет принциптерімен үйлесімді түрде сәйкес келіп, әлеуметтік қатынастардың дамуына жағымды әсер етті. Этикалық принциптерді қабылдау қазақ қоғамында моральдық-құқықтық нормалардың қалыптасуына ықпал етті. Әділдік, мейірімділік, даналық сияқты ұғымдар бұрыннан қазақ халқының құндылықтар жүйесінде болғанымен, шығыс перипатетизмі оларды философиялық тұрғыдан негіздеп, тереңірек

мағыналармен байытты. Бұл өз кезегінде қоғамдық тәртіптің сақталуына, әлеуметтік әділеттіліктің орнығуына және ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани мұраның қалыптасуына септігін тигізді.

Философиялық тұжырымдамалар мен көшпелі менталитеттің бірігуі қазақ дүниетанымының өзіндік ерекшелігін айқындайтын синкреттік үлгіні қалыптастырды. Бұл үлгіде табиғатқа деген құрмет, ұжымдық рух және үйлесімділікке ұмтылу сияқты дәстүрлі элементтер рационалдылық, білімге құштарлық және әділеттілік идеяларымен өзара әрекеттесіп, жаңа мағыналармен толықтырылды. Бұл бірігу қазақ халқының дүниені қабылдау, әлеуметтік қатынастарды құру және рухани өмірді ұйымдастыру тәсілдеріндегі ерекшелікті көрсетеді. Бұл процесс қазақ халқының өзіндік сана-сезімінің қалыптасуына, мәдениетінің дамуына және әлемдік өркениеттегі орнын анықтауына зор әсер етті.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Шығыс перипатетизмінің қазақ дүниетанымына терең енуі қазақ халқының ғасырлар бойғы зияткерлік ізденістері мен рухани дамуының аса маңызды кезеңдерінің бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл тарихи үдерістің нәтижесінде әл-Фараби сынды Орта ғасырлық Шығыс ойшылдарының терең әрі жан-жақты идеялары қазақ философиялық дәстүрінің қалыптасуына зор ықпал етіп, оны рационализмнің пәрменділігімен, гуманизмнің ізгі мұраттарымен және этикалық қағидалардың маңыздылығымен байытты. Нәтижесінде, философиялық тұжырымдамалардың ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі менталитетпен үйлесімді әрі сәтті синтезі қазақ дүниетанымының өзіндік бірегей моделін қалыптастыруға жол ашты. Бұл ерекше модельде табиғатты терең қастерлеу, қауымдық бірлікті жоғары бағалау және әлеммен үйлесімділікке ұмтылу сияқты дәстүрлі құндылықтар ақыл-ойдың қуатымен, терең білімге деген құштарлықпен және әділдіктің салтанат құруы идеяларымен толыққанды үйлесім тауып, халықтың рухани болмысына жаңа серпін мен мағыналық тереңдік сыйлады. Осылайша қалыптасқан ықпал тек қана қазақ халқының бай зияткерлік мұрасын нығайтып, оны әлемдік өркениеттің құнды бөлігі ретінде танытумен шектелмей, сонымен қатар олардың уақыт талабынан туындаған жаңа әлеуметтік және мәдени сын-қатерлерге икемді түрде бейімделу қабілетін де айтарлықтай арттырды. Шығыс перипатетизмі ғасырлар бойы қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналып, оның рухани мәдениетінің терең қойнауында өзіндік өшпес із қалдырды. Бұл күрделі әрі көп қырлы үдерісті жан-жақты әрі терең зерделеу тек қана қазақтың өзіндік философиялық ойының тарихи-философиялық қалыптасу мәнмәтінің терең түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге әртүрлі мәдениеттер мен философиялық дәстүрлердің өзара тығыз іс-қимыл жасау жолдары мен нәтижелерін тереңірек әрі жан-жақты түсінуге жол ашады. Шығыс перипатетизмінің қазақ дүниетанымына енуі — қазақ халқының зияткерлік және рухани тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл үдеріс арқылы әл-Фараби сынды Шығыс ойшылдарының идеялары қазақ философиялық дәстүріне рационализм, гуманизм және этикалық қағидалар сияқты жаңа элементтерді енгізіп, оны мазмұндық тұрғыдан байыта түсті. Фалсафа ұғымдарының көшпелі менталитетпен сәтті синтезі қазақ дүниетанымының өзіндік бірегей моделінің қалыптасуына ықпал етті. Бұл модельде дәстүрлі құндылықтар — табиғатты терең құрметтеу, ұжымдық рухты дәріптеу және үйлесімділікке ұмтылу — ақыл-ой, білім және әділеттілік идеяларымен үйлесім тауып, халықтың рухани болмысына жаңа серпін берді. Мұндай ықпал тек қазақ халқының зияткерлік мұрасын нығайтумен шектелмей, олардың жаңа әлеуметтік және мәдени сын-тегеуріндерге бейімделу қабілетін де арттырды. Шығыс перипатетизмі қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналып, оның рухани мәдениетінде терең із қалдырды. Бұл процесті жан-жақты зерттеу тек қазақтың өзіндік философиялық ойының қалыптасуындағы тарихи-философиялық контексті түсінуге ғана емес, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің өзара ықпалдасу жолдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Al-Kindi. Philosophical Works / Al-Kindi; edited and translated by Peter Adamson and Peter E. Pormann. — Oxford: Oxford University Press, 2012. — 240 p.
- 2 Al-Farabi. Selected Works / Al-Farabi; translated by F.W. Zimmermann. — London: «Oxford University Press,» 1952. — 110 p.
- 3 Фролова Е.А. История средневековой арабо-исламской философии: учебное пособие / Е. А. Фролова. — Москва: ИФ РАН, 1995. — 175 с.

- 4 Абусейтова М.Х. Историко-культурные аспекты ислама в Центральной Азии / М.Х. Абусейтова. — Алматы: Наука, 2008. — 77 с.
- 5 Ibn Sina (Avicenna). The Metaphysics of the Healing / Ibn Sina (Avicenna); translated by Michael E. Marmura. — Provo, Utah: «Brigham Young University Press», 2005.
- 6 Алтаев Ж. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы / Ж. Алтаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2012. — 234 б.
- 7 Gutas D. Avicenna and the Aristotelian Tradition: Introduction to Reading Avicenna's Philosophical Works / D. Gutas. — Leiden: Brill, 2001. — 456 p.

Н. Аскерхан

Процесс влияния Восточного перипатетизма в казахское мировоззрение

В статье подробно рассматривается процесс проникновения идей Восточного перипатетизма в казахское мировоззрение и их адаптации. Данная исследовательская работа посвящена глубокому философскому анализу становления и трансформации Восточного перипатетизма на казахской земле. Текст раскрывает сложную диалектику рецепции аристотелевского наследия в исламском мире и его синтеза с суфийским учением. В исследовании рассматривается гармонизация учений перипатетизма о бытии, душе и разуме с суфийским мистическим опытом, возникновение нового духовно-философского феномена через взаимодействие с местной культурой. Автор доказывает, что Восточный перипатетизм — это не только интеллектуальная традиция, но и важное культурно-историческое явление, оказавшее глубокое влияние на мировоззрение и образ жизни жителей региона. Кроме того, подчеркивается важность взаимного синтеза рационалистических и гуманистических принципов, характерных для фальсафы, с традиционным кочевым менталитетом. Этот синтез существенно способствовал развитию уникальной модели философской мысли казахского народа, сформировал особенности его интеллектуальной и духовной культуры. В статье широко раскрываются результаты и историческое значение данного процесса. Влияние идей Восточного перипатетизма на казахское мировоззрение особенно ярко проявилось в период расцвета средневековой Центральной Азии и исламской философии. В целом, исследование выявило преемственность Восточного перипатетизма и традиций казахского мышления и позволяет глубже понять их историко-культурную сущность. Такие анализы позволяют глубже понять историко-философскую преемственность в данном направлении. В ходе исследования был проведен анализ источников и историко-философских текстов, а также проанализирована их роль в процессе духовного возрождения современного казахского общества.

Ключевые слова: перипатетизм, ислам, фальсафа, рационализм, мировоззрение, казах, религия, ассимиляция, духовность, кочевничество.

N. Askerkhan

The process of the influence of Eastern peripateticism in the Kazakh worldview

The article examines in detail the process of penetration of the ideas of Oriental peripateticism into the Kazakh worldview and their adaptation. This research paper is devoted to a deep philosophical analysis of the formation and transformation of Oriental peripateticism in the Kazakh land. The text reveals the complex dialectic of the reception of the Aristotelian heritage in the Islamic world and its synthesis with Sufi teachings. The study examines the harmonization of peripatetic teachings about being, soul and mind with Sufi mystical experience, the emergence of a new spiritual and philosophical phenomenon through interaction with local culture. The author proved that Oriental peripateticism is not only an intellectual tradition, but also an important cultural and historical phenomenon that has had a profound impact on the worldview and lifestyle of the inhabitants of the region. In addition, the importance of the mutual synthesis of rationalistic and humanistic principles characteristic of Falsafa with the traditional nomadic mentality was emphasized. This synthesis significantly contributed to the development of a unique model of philosophical thought of the Kazakh people, formed the features of its intellectual and spiritual culture. The results and historical significance of this process were widely discussed in the article. The influence of the ideas of Oriental peripateticism on the Kazakh worldview was especially pronounced during the heyday of medieval Central Asia and Islamic philosophy. In general, the study revealed the continuity of Eastern peripateticism and traditions of Kazakh thinking and allows for a deeper understanding of their historical and cultural essence. Such analyses allow for a deeper understanding of the historical and philosophical continuity in this area. The research examined the sources and historical and philosophical texts, as well as analyzed their role in the process of spiritual revival of modern Kazakh society.

Keywords: peripateticism, islam, falsafa, rationalism, worldview, kazakh, religion, assimilation, spirituality, nomadism.

References

- 1 Al-Kindi. (2012). *Philosophical Works*. Peter Adamson (Ed). and Peter (E. Pormann, Trans). Oxford: Oxford University Press.
- 2 Al-Farabi. (1952). *Selected Works* (F.W. Zimmermann, Trans). London: «Oxford University Press».
- 3 Frolova, E.A. (1975). *Istoriia srednevekovoi arabo-islamskoi filosofii [History of medieval Arab-Islamic philosophy]*. Moscow: Institut filosofii Rossiiskoi akademii nauk [in Russian].
- 4 Abuseitova, M.H. (2008). *Istoriko-kulturnye aspekty islama v Tsentralnoi Azii [Historical and cultural aspects of Islam in Central Asia]*. Almaty: Nauka [in Russian].
- 5 Ibn Sina (Avicenna). (2005). *The Metaphysics of the Healing* (Michael E. Marmura, Trans). Provo, Utah: Brigham Young University Press.
- 6 Altaev, Zh. (2012). *Al-Farabi zhane zamanaui Qazaqstan filosofiiasy [Al-Farabi and the philosophy of modern Kazakhstan]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 7 Gutas, D. (2001). *Avicenna and the Aristotelian Tradition: Introduction to Reading Avicenna's Philosophical Works*. Leiden: Brill.

Автор туралы мәлімет

Аскерхан Нургулан — Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Философия және психология факультетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0003-0808-590X>

Information about the author

Askarkhan Nurgulan — Doctoral Student, Faculty of Philosophy and Psychology, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-0808-590X>